

**Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларын және қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 591 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 қаңтарда № 10108 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 80 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 06.02.2017 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Бір литр алкоголь өнімі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті жылдың бірінші күні қолданыста болатын 1 (бір) айлық есептік көрсеткішті құрайтын импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесінің мөлшері бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Қаржы Министрінің

2014 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 591 бұйрығымен

бекітілген

**Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) темекі өнімдеріне акциздік таңбаларды, алкоголь өніміне (шарап материалдары мен сыраны қоспағанда) есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың міндеттемелерді, есепті табыс ету тәртібін, сондай-ақ Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде импорттаушылардың есепке алу-бақылау таңбаларын есепке алу тәртібін реттейді.

### **2. Мыналар:**

алкоголь өнімін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының аумағына алкоголь өнімін импорттайтын Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары;

борышкердің мүлкін (активтерін) өткізген кезде банкроттық және оңалтушы басқарушылар есепке алу-бақылау таңбаларын (бұдан әрі - ЕБТ) алушылар болып табылады.

Мыналар:

Қазақстан Республикасында темекі өнімдерін өндіру және (немесе) импорттау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

борышкердің мүлкін (активтерін) өткізген кезде банкроттық және оңалтушы басқарушылар акциздік таңбаларды алушылар болып табылады.

3. ЕБТ және акциздік таңбаларды облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттері (бұдан әрі - Департамент) береді.

4. ЕБТ және акциздік таңбаларды жасап шығаруды, оларды Департаментке жеткізуді және беруді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетімен (бұдан әрі - Комитет) жасасқан шарттарға (келісімшарттарға) сәйкес ұйым (бұдан әрі - жеткізуші) жүзеге асырады.

5. Кеден одағының елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімінің импортын жүзеге асыратын тұлға (бұдан әрі - импорттаушы) ЕБТ алғанға дейін мемлекеттік кірістер органына Кеден одағының елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені (бұдан әрі - Міндеттеме), осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

6. Міндеттеме:

ЕБТ олардың мақсаттарына сәйкес пайдалануды;

импорттаушының тиісті Департаменттің ақшаны уақытша орналастыру шотына ақша енгізуін;

Қазақстан Республиканың аумағы шегінен тысқары алкоголь өніміне жапсыруы үшін импорттаушының ЕБТ әкетуін;

ЕБТ таңбаланған алкоголь өнімдерін импорттауды;

импортталған алкоголь өнімдері бойынша жанама салықтарды төлеуді;

импорттаушылардың Кеден одағының елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы есепті беруді;

импорттаушының бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБТ берген Департаментке қайтаруын қамтиды.

**2. Темекі өнімдеріне акциздік таңбаларды, алкоголь өніміне (шарап материалдары мен сыраны қоспағанда) есепке алу-бақылау таңбаларын, алу, есепке алу, сақтау, беру және Кеден одағының**

## **елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде импорттаушылардың есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін табыс ету тәртібі**

7. ЕБТ және акциз таңбаларын алушылар ақпараттық жүйе арқылы салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері орналасқан жері және (немесе) тіркеу орны бойынша Департаментке жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ЕБТ және акциздік таңбалар жасауға өтінім (бұдан әрі - өтінім) береді.

8. Департамент ақпараттық жүйе арқылы 3 (үш) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде алушылар табыс еткен алдағы жылға өтінімдерді келіседі.

Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмесі табыс етілмеген жағдайда Департамент алдағы жылға өтінімді келісуден бас тартады.

9. Комитет жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін 25 (жиырма бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жеткізушіге Департаменттермен келісілген осы Қағидаларға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша алдағы жылға жиынтық өтінімдерді қағаз түрінде береді.

10. Жаңадан құрылған немесе алкоголь өнімін немесе темекі өнімдерін өндіру және (немесе) олардың айналымы жөніндегі қызметін бастаған алушылар ақпараттық жүйе арқылы салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері орналасқан жері және (немесе) тіркеу орны бойынша Департаментке осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ЕБТ немесе акциздік таңбаларды алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін 25 (жиырма бес) күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде әрбір ай бойынша бөліп өтінімдерді табыс етеді.

Алушылар бұрын берілген өтінімдерге ЕБТ немесе акциздік таңбалар түрлері мен саны бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар бар өтінімдерді мемлекеттік кіріс органдарына таңбалар алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін 25 (жиырма бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша табыс етеді.

Департамент ақпараттық жүйе арқылы алушылар табыс еткен осы тармақта көрсетілген өтінімдерді 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде келіседі.

Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмесі табыс етілмеген жағдайда Департамент өтінімді келісуден бас тартады.

11. Осы Қағидалардың 7 және 10-тармақтарында көрсетілген талаптар сақталмаған кезде Департамент өтінімдерді қабылдамайды.

Алушылар табыс еткен, оның ішінде алдағы жылға арналған өтінімдер келесі күнтізбелік жылға көшірілмейді.

12. Алушыларға берілген ЕБТ немесе акциздік таңбалар иеліктен алынбайды және өзге жеке және заңды тұлғаларға берілмейді.

13. Комитет ЕБТ немесе акциздік таңбалар алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жеткізушіге осы Қағидаларға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Департаментпен келісілген бұрын берілген өтінімдерге ЕБТ немесе акциздік таңбалар түрлері мен саны бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар бар жиынтық өтінімдерді, сондай-ақ жаңадан құрылған немесе алкоголь өнімін немесе темекі өнімдерін өндіру және (немесе) олардың айналымы жөніндегі қызметін бастаған алушылардың жиынтық өтінімдерін жібереді.

14. Алкоголь өнімін немесе темекі өнімдерін импорттайтын алушылардан өтінімдерді қабылдау, соның негізінде акцизделетін тауарлар әкелу жүзеге асырылатын сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) түпнұсқасын көрсете отырып, сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмесі ұсынылған кезде жүргізіледі.

15. ЕБТ немесе акциздік таңбаларды жасап шығарғаны үшін төлемді алушылар өтініміне сәйкес жеткізушінің банк шотына ақша аудару жолымен ЕБТ немесе акциздік таңбаларды алу жүзеге асырылатын айдың 1-күніне дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмейтін мерзімде әрбір ай бойынша бөлек жүргізеді.

16. Жеткізуші ЕБТ немесе акциздік таңбаларды Департаменттің бірінші басшысының бұйрығымен тағайындалатын Департаменттің материалдық-жауапты тұлғаларына (бұдан әрі - материалдық-жауапты тұлға) береді.

17. ЕБТ немесе акциздік таңбаларды беру кезінде жеткізуші екі данада жүккұжат жазып береді, оған жеткізуші және материалдық-жауапты тұлға қол қояды. Жүккұжаттың бірінші данасы Департаментке беріледі, екінші данасы жеткізушіде қалады.

Бұл ретте көрсетілген жүккұжатта мынадай деректер көрсетіледі:

ЕБТ немесе акциздік таңбалардың берілген күні;

ЕБТ сериясы, нөмірлер диапазондары және саны немесе акциздік таңбалардың түрлері мен саны.

18. Алушылар ЕБТ алу мақсатында Департаментке ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕБТ-на штрих-код жапсыру үшін әрбір алушыға бөлек өтініш табыс етеді.

19. Алушыларға ЕБТ беруді Департаментте мемлекеттік кірістер органының материалдық жауапты тұлғасы ЕБТ-на тиісті штрих-код жапсырылғаннан кейін және ЕБТ-на штрих-код жапсыру үшін өтінішке ЕБТ нөмірлерінің диапазондарын таңу жүзеге асырылғаннан кейін ЕБТ-на штрих-код жапсыру үшін өтініш ақпараттық жүйе арқылы келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Алушыларға акциздік таңбаларды беруді Департаментте материалдық жауапты тұлға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акциздік таңбаларды алуға өтініш ақпараттық жүйе арқылы және қағаз түрінде келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

20. ЕБТ немесе акциздік таңбаларды алу үшін алушылар Департаментке мынадай құжаттарды табыс етеді:

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз түрінде және ақпараттық жүйе арқылы ЕБТ немесе акциздік таңбаларды алуға өтініш;

алушы қызметкерінің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсете отырып, алушы ЕБТ немесе акциздік таңбаларды алуға уәкілетті қызметкерінің атына берген алушының мөрімен куәландырылған сенімхаты;

ЕБТ немесе акциздік таңбалар үшін төлемді растайтын төлем құжаты.

Материалдық-жауапты тұлға, алушылар акциздердің төленгенін растайтын төлем құжатын (құжаттарын) көрсеткен кезде, төлем құжаттарында көрсетілген төленген сомаларды Департаменттегі деректермен салыстырады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар толық табыс етілмеген кезде, сондай-ақ акциздердің сомасы толық төленбеген жағдайда (өндірілетін темекі өнімдеріне акциздерді төлеуді қоспағанда) ЕБТ немесе акциздік таңбалар берілмейді.

21. Импорттаушы осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша Департаментке мынадай құжаттарды табыс етеді:

қағаз тасығышта және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы Міндеттеме;

Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету үшін тиісті Департаменттің шотына ақша енгізілгенін растайтын төлем құжаты.

Міндеттеме тиісті Департаменттің шотына осы бұйрықта белгіленген мөлшерде ақша енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Уақытша ақша орналастыру шотына ақша енгізу теңгеде жүргізіледі.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар толық табыс етілмеген кезде ЕБТ берілмейді.

22. Осы Қағидалардың 20 және 21-тармақтарында көрсетілген құжаттар Департаментте қалады.

23. Алушыларға Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген және Кеден одағына мүше мемлекеттер аумақтарынан импортталған алкоголь өніміне ЕБТ немесе темекі өнімдеріне акциздік таңбаларды беру кезінде

материалдық-жауапты тұлға екі данада жүкқұжат жазып береді, оған екі тарап қол қояды. Жүкқұжаттың бір данасы алушыға беріледі, екінші данасы Департаментте қалады.

Аталған жүкқұжатта мынадай деректер көрсетіледі:

ЕБТ немесе акциздік таңбалардың берілген күні;

алушының атауы;

ЕБТ немесе акциздік таңбаларды алуға уәкілеттік берілген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты;

ЕБТ сериясы, нөмірлер диапазондары және саны немесе акциздік таңбалардың түрлері мен саны;

Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан алкоголь өнімі әкелінген жағдайда сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) нөмірі және күні.

24. Алушыларға Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарынан импортталған алкоголь өніміне ЕБТ немесе темекі өнімдеріне акциздік таңбаларды беру кезінде материалдық-жауапты тұлға үш данада жүкқұжат жазып береді.

Бірінші және екінші даналары алушыларға беріледі (екінші данасы шекараны кесіп өту кезінде уәкілетті органға табыс ету үшін), үшінші данасы Департаментте қалады.

Аталған жүкқұжатта мынадай деректер көрсетіледі:

ЕБТ немесе акциздік таңбалардың берілген күні;

алушының атауы;

ЕБТ немесе акциздік таңбаларды алуға уәкілеттік берілген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты;

сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) нөмірі мен күні;

ЕБТ сериясы, нөмірлер диапазондары және саны немесе акциздік таңбалардың түрлері мен саны.

25. Алушыларға ЕБТ немесе акциздік таңбаларды беру ЕБТ немесе акциздік таңбаларды жасап шығаруға өтінімдерде көрсетілген санға сәйкес жүргізіледі.

26. Импорттаушы 6 (алты) айдан кешіктірмей алкоголь өнімінің нақты импортын жүзеге асырған кезде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кеден одағының елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы импорттаушы міндеттемесінің орындалуы туралы есепті (бұдан әрі - Есеп) мынадай құжаттарды қоса табыс етеді:

1) мемлекеттік кіріс органы растаған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш;

2) импортталған тауарлар бойынша жанама салықтардың іс жүзінде төленгенін растайтын банктің көшірме жазбасы және (немесе) импортталған

тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесінің орындалғанын растайтын Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге төлем құжаты;

3) Кеден одағының елдерінен Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың өткізілуін растайтын тауарларға ілеспе құжаттар;

4) егер шот-фактураларды шығару (жазып беру) Кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайда, тауарларды тиіп-жөнелту кезінде Кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактуралар;

5) алкоголь өнімін жеткізушіні алкоголь өнімін өндіруші немесе көтерме саудада өткізуші ретінде тіркеу туралы Кеден одағына мүше мемлекеттің уәкілетті органының құжаты;

6) алкоголь өнімінің түрі, атауы, мөлшері, сондай-ақ ЕБТ сериялары мен нөмірлер диапазоны және саны көрсетілген импортталған алкоголь өніміне жапсырылған ЕБТ туралы Кеден одағына мүше мемлекеттің алкоголь өнімдерін өндірушісінен анықтама.

Осы тармақтың 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар алушылардың басшысы мен бас бухгалтерінің (ол болған кезде) не алушылардың шешімі бойынша оған уәкілеттік берілген өзге да адамдардың қолтаңбаларымен, сондай-ақ алушының мөрімен куәландырылған көшірмелерде табыс етілуі мүмкін.

27. Департамент 3 (үш) жұмыс күні ішінде Есепті растайды немесе себебін көрсете отырып, растаудан бас тартады.

28. Департаменттің Есепті растауы белгі қою арқылы жүзеге асырылады және :

белгі қойған лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), белгі қойған күні көрсетіле отырып, оның қолымен;

Департамент басшысының (басшы орынбасарының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қол қойған күні көрсетіле отырып, оның қолымен;

Департаменттің атауы көрсетілген Департамент мөрімен куәландырылады.

29. Импорттаушы не оның өкілі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Есепті тіркеу журналына қол қойып Есептің тиісті данасын алады, ол тігіледі, нөмірленеді, Департаменттің бірінші басшысы қол қояды және Департаменттің мөрімен куәландырылады. Растау туралы белгі қойылған Есептің бір данасы Департаментте қалады, екінші дана алушыға не оның өкіліне ұсынылады (жіберіледі).

30. Импорттаушыға Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтаруды Департамент Міндеттеменің орындалуы шартында жүзеге асырады.



31. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтару Департаменттің төлем тапсырмалары негізінде жүзеге асырылады.

32. Тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотына енгізілген ақшаны қайтару (есепке жатқызу) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің (Салық кодексі) 653-бабы 5-8-тармағына сәйкес Есеп табыс етілгеннен кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде импорттаушының жазбаша өтініші бойынша жүзеге асырылады.

33. Тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотынан қамтамасыз ету сомасын қайтару туралы өтінішті импорттаушы Департаментке 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) 178-бабына сәйкес Міндеттеме орындалғаннан кейін, бірақ Міндеттеме орындалғаннан кейінгі күннен бастап үш жылдан кешіктірмей береді.

34. Осы Қағидалардың 6-тармағында белгіленген Міндеттеменің орындалуы шартында импорттаушының өтініші бойынша тиісті Департаменттің шотынан қамтамасыз ету сомасы келесі Міндеттемені қамтамасыз ету ретінде төлем есебіне есепке жатқызылады.

35. Импорттаушының тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотынан қамтамасыз ету сомасын қайтаруға немесе осындай соманы басқа Міндеттемелер бойынша есепке жатқызуға өтініші болмаған жағдайда, Департамент тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотынан қамтамасыз ету сомасын бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде бюджетке аударады:

импорттаушы Міндеттемені орындаса;

Азаматтық кодекстің 178-бабында белгіленген талап ету мерзімі аяқталса.

36. Импорттаушыға тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотынан Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтару үшін Департамент екі данада аумақтық казынашылық органдарына:

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем тапсырмаларының тізілімін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 25 сәуірдегі № 179 "Төлем тапсырмаларды, төлемдік талап-тапсырмаларды, инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" қаулысында белгіленген нысан бойынша, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1155 нөмірімен тіркелген, төлем тапсырмасын ұсынады.

Төлем тапсырмасы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Міндеттемелерді қамтамасыз ету сомасын қайтаруға төлем тапсырмаларын тіркеу журналында тіркеледі.

37. Импорттаушы ақшамен қамтамасыз етілген Міндеттемені орындамаған кезде Департамент 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ақшаны уақытша ақша орналастыру шотынан мемлекеттік бюджет кірісіне аударады.

### **3. Импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін есепке алу тәртібі**

38. Департамент Міндеттемелерді есепке алуды және тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотына импорттаушы енгізген ақша бойынша орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Импорттаушы енгізген ақшаны есепке алу үшін Департамент осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамтамасыз ету сомалары бойынша дербес карточкалар (бұдан әрі - Дербес карточка) жүргізеді.

39. Дербес карточка:

тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотына енгізілген ақшаларды есепке алуға;

тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотынан Міндеттемелерді қамтамасыз ету сомасын импорттаушылардың орындалмаған міндеттемелері бойынша бюджетке уақтылы аударуға;

тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотына енгізілген ақшаларды орындалған міндеттемелер бойынша немесе басқа Міндеттеме есебіне импорттаушының банк шотына қайтаруға (есепке жатқызуға) арналған.

40. Қамтамасыз ету сомасы бойынша дербес карточка қабылданған Міндеттеме негізінде тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотына енгізілген соманы есепке алу үшін әрбір импорттаушыға жеке ашылады.

41. Тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шоты бойынша Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету есебі қағаз тасығыштарда және (немесе) ақпараттық жүйеде жүргізіледі.

42. Департамент осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем құжаттарының тізілімін жүргізеді, онда импорттаушы тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотына енгізген ақша бойынша Міндеттемелер сомасы көрсетіледі.

43. Импорттаушының тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотына енгізуі Дербес карточканы ашу үшін негіз болып табылады.

44. Қамтамасыз ету сомасы бойынша Дербес карточка әр күнтізбелік жылға ашылады. Сальдо келесі жылға көшіріледі.

Импорттаушыларға қамтамасыз ету сомалары бойынша Дербес карточка ашқан кезде міндетті тәртіпте мынадай деректемелер көрсетіледі:

импорттаушының толық атауы;

импорттаушының БСН;

заңды мекенжайы;

сомасы.

#### **4. Есепке алу-бақылау таңбалары мен акциздік таңбаларды есепке алу және сақтау**

45. ЕБТ немесе акциздік таңбалардың қозғалысын есепке алуды материалдық-жауапты тұлға осы Қағидаларға 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша есепке алу журналдарында жүргізеді, олар тігіледі, нөмірленеді, Департаменттің бірінші басшысы қол қояды және Департаменттің мөрімен куәландырылады.

46. Әрбір тоқсанның 1 күнінде және материалдық-жауапты тұлғасы ауысқан кезде Департаментте бар ЕБТ немесе акциздік таңбалардың нақты санын бақылауды (бұдан әрі - тізімдеме) Департаменттің бірінші басшысының бұйрығымен жыл сайын 10 қаңтардан кешіктірілмей, Департаменттің материалдық-жауапты тұлғасын қоспағанда, Департаменттің кемінде үш қызметкері санында құрылатын түгендеу комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) жүзеге асырады.

47. Тізімдеме екі данада жасалады және түгендеу комиссиясының мүшелері, сондай-ақ материалдық-жауапты тұлға қол қояды.

48. ЕБТ немесе акциздік таңбаларға қатаң есептілік бланкілері үшін белгіленген бухгалтерлік есеп жүргізу қағидалары қолданылады.

49. Алушылар осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ЕБТ немесе акциздік таңбалар пайдаланылғанға дейін, сондай-ақ бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБТ және акциздік таңбаларды олар жойылғанға дейін оларға дұрыс есеп жүргізуді қамтамасыз етеді.

50. Алушылар осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ЕБТ немесе акциздік таңбалардың олар пайдаланылғанға дейін, сондай-ақ бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБТ және акциздік таңбалардың олар жойылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

51. Алушының бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБТ немесе акциздік таңбаларды қайтаруы қайтару себептерін көрсете отырып және ол бойынша ЕБТ немесе акциздік таңбалар алынған жүкқұжатты көрсете отырып

ЕБТ немесе акциздік таңбаларды қайтару туралы өтініш негізінде Департаментке жүргізіледі.

52. Қайтарылған ЕБТ нөмірлері мен сериялары немесе акциздік таңбалардың түрлері мен саны екі данада жасалатын, комиссия мен материалдық-жауапты тұлға қол қоятын осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысандағы ЕБТ немесе акциздік таңбаларды қабылдау-беру актісінде (бұдан әрі – қабылдау-беру актісі) көрсетіледі. Қабылдау-беру актісінің бір данасы алушыға беріледі.

53. ЕБТ немесе акциздік таңбаларды жоюды комиссия, материалдық-жауапты тұлға алушылардың қатысуымен, тоқсан сайын тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей жүргізеді.

54. ЕБТ немесе акциздік таңбалардың нақты жойылғаны туралы жойылған ЕБТ сериялары, нөмірлері мен саны немесе акциздік таңбалардың түрлері мен саны көрсетілетін екі данада осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жою актісі (бұдан әрі - жою актісі) жасалады. Жою актісінің бір данасы алушыға беріледі.

Жою актісінің әрбір данасына комиссия мүшелері, материалдық-жауапты тұлға және алушы қол қояды және мөрмен (болған жағдайда) куәландырылады.

ЕБТ немесе акциздік таңбалардың жойылу фактісі Департаменттің ақпараттық жүйелерінде тіркеледі.

55. Алушылар ай сайын Департаментке осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынған ЕБТ немесе акциздік таңбалардың пайдаланылуы туралы есептерді табыс етеді.

56. Жеткізуші Департаменттер қимасында қағаз түрінде осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес берілген ЕБТ немесе акциздік таңбалар туралы ай сайынғы есепті жасайды, оған жеткізушінің бірінші басшысы мен бас бухгалтері (болған жағдайда) қол қояды және есепті айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей Комитетке жіберіледі.

57. ЕБТ немесе акциздік таңбаларды Департаментте сақтау ЕБТ немесе акциздік таңбаларды сақтауға, беруге және ЕБТ-на штрих-код жапсыруға арналған жұмыс аймақтары бар, өртке қарсы және күзет дабылы бар үй-жайларда жүзеге асырылады.

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен  
Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін  
импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ак

Нысан

---

(департаменттің атауы)

---

(департамент басшысының ТАӘ)

Тіркеу № \_\_\_\_\_ ж.

(департамент толтырады)

**Кеден одағының елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін әкелген кезде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттеме**

---

(импорттаушының атауы, ЖСН/БСН,

---

мекенжайы, банк деректемелері)

"Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету қағидаларын, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу тәртібі мен қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығына сәйкес есепке алу-бақылау таңбаларын мақсатына сәйкес пайдалануға, Міндеттемені қамтамасыз ету үшін тиісті Департаменттің уақытша ақша орналастыру шотына ақша төлеуге, өндірушінің алкоголь өніміне жапсыруы үшін есепке алу-бақылау таңбаларын әкетуді жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының аумағына есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбаланған алкоголь өнімін әкелуді және оны межелі жеріне жеткізуді жүзеге асыруға, бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған есепке алу-бақылау таңбаларын берген Департаментке қайтаруға, импортталған алкоголь өнімі бойынша жанама салықтарды төлеуге, Департаментке белгіленген мерзімде импорттаушылардың Кеден одағының елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы есепті табыс етуге міндеттенеді.



														түрін көр керек)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	

Басшы \_\_\_\_\_

(ТАӘ) (қолы)

Бас бухгалтер (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_

(ТАӘ) (қолы)

М.О. (ол болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына  
3-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_  
(департаменттің атауы)

\_\_\_\_\_  
(департамент басшысының ТАӘ)

\_\_\_\_\_  
алушының атауы, ЖСН/БСН

**Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімдеріне есепке алу-бақылау таңбаларын немесе темекі өнімдеріне акциздік таңбаларды жасауға өтінім**

өтінімнің түрі: (алдағы жылға, жаңадан құрылғандар немесе қызметін бастағандар үшін, қосымша)

мың дана

														Ескерту Қазақстан Республика аумағынд өндірілетін өнімдерін парақтық"
қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	жылына барлығы		

														"қиылған' акциздік таңбалард түрін көң керек)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	

Басшы \_\_\_\_\_

(ТАӘ) (қолы)

Бас бухгалтер (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_

(ТАӘ) (қолы)

М.О. (ол болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына 4-қосымша

Нысан

**Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өнімдеріне есепке алу-бақылау таңбаларын немесе темекі өнімдеріне акциздік таңбаларды жасауға өтінім**

өтінімнің түрі: (алдағы жылға, жаңадан құрылғандар немесе қызметін бастағандар үшін, қосымша)

мың дана

Алушының атауы	Алушының ЖСН/БСН	Таңбалардың түрі (есепке алу-бақылау немесе акциздік таңбалар)	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қ
----------------	------------------	--	--------	-------	--------	-------	-------	--------	-------	-------	----------	-------	---





Мемлекеттік кірістер комитетінің жауапты атқарушысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(ТАӘ, телефон нөмірі)

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына б-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_  
(департаменттің атауы)

\_\_\_\_\_  
(департамент басшысының ТАӘ)

### **Есепке алу-бақылау таңбаларына штрих-код жапсыру үшін өтініш**

\_\_\_\_\_  
(алушының түрі: өндіруші, үшінші елдерден импорттаушы, Кеден одағының елдерінен импорттаушы, алушының атауы, ЖСН/БСН, мекенжайы)

\_\_\_\_\_  
(сатып алушының атауы, ЖСН/БСН)

\_\_\_\_\_ дана  
санында

(жазбаша)

есепке алу-бақылау таңбаларына штрих-код жапсыруды сұрайды.

Есепке алу-бақылау таңбаларының көрсетілген саны мына тауарларды шығару үшін қажет:

Алкоголь өнімінің пин-коды (болған кезде):

\_\_\_\_\_  
(мыналарды көрсету қажет: құю күні, шыққан елі, сәйкестік

сертификаты; импорттаушылар үшін - шарттың (келісімшарттың) нөмірі)  
Алкоголь өніміне пин-код болмаған кезде:

\_\_\_\_\_

(алкоголь өнімінің атауы, түрі, сыйымдылығы мен күштілігі)  
өнім бірлігінің бағасы: \_\_\_\_\_ теңге  
Есепке алу-бақылау таңбаларын сатып алуға ақша

\_\_\_\_\_

(сомасы жазбаша)  
Сомасында 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ төлем  
құжатымен

\_\_\_\_\_ банк шотына енгізілді  
акцизді төлеу үшін ақша \_\_\_\_\_

(сомасы жазбаша)  
сомасында 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ төлем құжатымен  
\_\_\_\_\_ банк шотына енгізілді

Басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(ТАӘ, қолы) (қолы)  
Бас бухгалтер (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
(ТАӘ, қолы) (қолы)  
М.О. (болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау  
таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру  
және импорттаушылардың Кеден одағы  
елдерінен  
Қазақстан Республикасына алкоголь  
өнімін  
импорттау кезінде есепке алу-бақылау  
таңбаларын нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ  
осындай міндеттемені есепке алу  
қағидаларына  
7-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_

(департаменттің атауы)

\_\_\_\_\_

(департамент басшысының ТАӘ)

**Есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды алуға өтініш**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(алушының атауы, ЖИН/БСН, мекенжайы)

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ дана

санында

(жазбаша)

есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды беруді сұрайды.

есепке алу-бақылау немесе акциздік таңбаларын сатып алуға ақша

сомасында

(сомасы жазбаша)

20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ төлем

құжатымен

\_\_\_\_\_ банк шотына енгізілді

акциз \_\_\_\_\_

сомасында

(сомасы жазбаша)

20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ төлем

құжатымен

\_\_\_\_\_ банк шотына енгізілді.

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету қағидаларын, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу тәртібімен таныстым.

Басшы \_\_\_\_\_

(ТАӘ) (қолы)

Бас бухгалтер (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_

(ТАӘ) (қолы)

М.О. (болған жағдайда)

таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына 8-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_ (департаменттің атауы)

\_\_\_\_\_ (департамент басшысының ТАӘ)

\_\_\_\_\_ (толтырылған күні)

**Кеден одағының елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы импорттаушылардың есебі**

\_\_\_\_\_ (алкоголь өнімін әкелуді (импортын) жүзеге асыратын алушының атауы, ЖСН/БСН және орналасқан орны)

Кеден одағының елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы есептің қабылдауды сұрайды

Штрих-код жапсыруға өтініштің нөмірі	Штрих-код жапсыруға өтініштің күні	Есепке алу-бақылау таңбаларын алу туралы жүкқұжаттың нөмірі	Есепке алу-бақылау таңбаларын алу туралы жүкқұжаттың күні	Алкоголь өнімінің түрі	Есепке алу-бақылау таңбаларына алкоголь өнімінің атауы	Алкоголь өнімінің сыйымдылығы	Есепке алу-бақылау таңбалары берілді		Алқ үшін таңб
							сериясы және нөмірлер диапазоны *	саны ( дана )	
									мем. кіріс орг. растауа әкел жан саль төл

									тур: өтін
									№

Барлығы \_\_\_\_\_ дана есепке алу-бақылау таңбалары берілген,  
оның ішінде:

\_\_\_\_\_ дана таңбалау үшін пайдаланылды;

\_\_\_\_\_ дана қайтарылды;

\_\_\_\_\_ дана қалды.

Есепке қосымша \_\_\_\_\_ парақта.

Басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ТАӘ) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(болған жағдайда) (ТАӘ) (қолы)

М.О. (болған жағдайда)

\* Нөмірлер диапазоны – бірінші және соңғы нөмірлерімен

кезектілікпен ұсынылған бір сериядағы есепке алу-бақылау таңбаларының

кезекті нөмірлерінің жиынтығы

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына 9-қосымша

Нысан

**Кеден одағының елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы импорттаушылардың есебін тіркеуді есепке алу журналы**

р/с №	Түскен күні	Алушының БСН	ЖСН/Алушының атауы	Есепті кезең	Қабылданған күні	Расталған күні	ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8

таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына 10-қосымша

Нысан

## Төлем тапсырмаларының тізілімі

\_\_\_\_\_ (департаменттің атауы)

\_\_\_\_\_ (аумақтық қазынашылық органының атауы)

\_\_\_\_\_ (тізілім ұсынылған күн)

р/с №	Т ө л е м тапсырмасының күні	Төлем тапсырмасының нөмірі	Сомасы	Орындалғаны/орындалмағаны туралы белгі*	Ескерту *
1	2	3	4	5	6

Департаменттің басшысы \_\_\_\_\_ (ТАӘ, қолы)

Департаменттің жауапты орындаушысы \_\_\_\_\_ (ТАӘ, қолы)

М.О.

\* бұл жолдарды аумақтық қазынашылық органының жауапты орындаушысы толтырады

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына 11-қосымша

Нысан  
"Бекітемін"  
Департамент басшысы

(қолы, ТАӘ)

20 \_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_

**Міндеттемені қамтамасыз ету сомасын қайтаруға төлем тапсырмаларын тіркеу журналы**

р/с №	Департаменттің атауы	Төлем тапсырмасының көшірме жазбасының күні	Төлем тапсырмасының нөмірі	Қайтару жүргізілетін алушының ЖСН/БСН	Қайтару жүргізілетін алушының атауы	Алушыға қайтаруға жататын сома	Бюджетке аударуға жататын сома
1	2	3	4	5	6	7	8

**кестенің жалғасы**

Алушының банк деректемелері			Департаментке ұсынылған күні	Қазынашылық органының орындаған күні
Бенифициар-банктің атауы және банктік сәйкестендіру коды (БСК)	Ж е к е сәйкестендіру коды (ЖСК)	ескерту		
9	10	11	12	13

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына 12-қосымша

Нысан

**Қамтамасыз ету сомасын есепке алу жөніндегі дербес карточка**

Импорттаушының атауы \_\_\_\_\_

Импорттаушының ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Мекенжай \_\_\_\_\_

Кіріс				Шығыс			



р/с №	Құжаттың нөмірі мен күні	Операция басындағы сальдо	Құжаттың күні	Құжаттың нөмірі	Төленуін қамтамасыз ету сомасы	Міндеттерді орындау мерзімі (күні)	Төлем құжаты		Алушыға қайтарылған сома	Басқа міндеттеме есебіне	Бк ауд BC
							күні	нөмірі			
1	2	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	Жиыны:										

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына 13-қосымша

Нысан

## Мемлекеттік кірістер органының уақытша ақша орналастыру шотына енгізілгені туралы төлем құжаттарының тізілімі

р/с №	Алушының ЖСН/ БСН	Алушының атауы және оның деректемелері	Міндеттемені қамтамасыз ету сомасы	Төлем тапсырмасының, түбіртектің, төлемді растайтын құжаттың нөмірі және күні	Қамтамасыз етудің қолданыс мерзімі	Нақты орындау мерзімі	Алушыға қайтару сома	Мемлекеттік кірістер органының уақытша ақша орналастыру шотына енгізілген қамтамасыз ету бойынша өндіріп алу күні	Бюджет аударма сома
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін

импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына  
14-қосымша

Нысан

## Жеткізушіден есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды алуды есепке алу журналы

Жеткізушіден есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды алу күні	Алынған есепке алу-бақылау таңбаларының немесе акциздік таңбалардың саны ( дана)	Жеткізушіге қайтарылған есепке алу-бақылау таңбаларының немесе акциздік таңбалардың саны (дана)	Жүкқұжаттың нөмірі	Мемлекеттік кірістер о р г а ны материалдық-жауапты тұлғасының ТАӘ
1	2	3	4	5

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен  
Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін  
импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына  
15-қосымша

Нысан

## Алушыларға есепке алу-бақылау таңбаларды беруді есепке алу журналы

Есепке алу-бақылау таңбалары берілген күн	Берілген есепке алу-бақылау таңбаларының саны (дана)	Жүкқұжаттың нөмірі	Есепке алу-бақылау таңбаларын алушының атауы не ТАӘ, ЖСН/БСН	Есепке алу-бақылау таңбаларды алушының уәкілетті өкілінің ТАӘ, құжаттарының деректері ( жеке куәлігінің №-мен берілген күні, алуға сенімхат)	Алушының немесе алушының уәкілетті тұлғасының қолы
1	2	3	4	5	6

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен  
Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін

импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ак осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына  
16-қосымша

Нысан

## Алушыларға акциздік таңбаларды беру журналы

Акциздік таңбаларды алған күн	Алынған акциздік таңбалардың саны (дана)	Жүкқұжаттың нөмірі	Акциздік таңбалардың берілген күні	Акциздік таңбаларды алушының атауы не ТАӘ, ЖСН/БСН	Акциздік таңбаларды алушының уәкілетті өкілінің ТАӘ, құжаттарының деректері (жеке куәлігінің №-мен берілген күні, алуға сенімхат)
1	2	3	4	5	6

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен  
Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін  
импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ак осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына  
17-қосымша

Нысан

## Есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды қабылдау-беру актісі

20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (департаменттің атауы, мекенжайы, ЖСН/БСН)

\_\_\_\_\_ (лауазымы, ТАӘ) құрамындағы Комиссия атынан қабылдайды, ал есепке алу бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды алушы

атынан

\_\_\_\_\_ (алушының атауы, ЖСН/БСН, мекенжайы)

---

(алушының, не уәкілетті адамның ТАӘ)

---

данада

(жазбаша)

есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды өткізеді,  
соның ішінде:

---

(есепке алу-бақылау таңбаларының түрлері, сериялары мен нөмірлер  
диапазондары немесе акциздік таңбалардың түрі)

1. Жоғарыда көрсетілген есепке алу-бақылау таңбалары немесе акциздік  
таңбалар

---

себептері бойынша қайтарылады.

Қабылдадым: (комиссия мүшелерінің және материалдық-жауапты Өткіздім: (алушының, не уәкілетті  
тұлғаның ТАӘ, қолы): адамның ТАӘ):

ҚОЛЫ ҚОЛЫ

М.О. М.О. (болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау  
таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру  
және импорттаушылардың Кеден одағы  
елдерінен  
Қазақстан Республикасына алкоголь  
өнімін  
импорттау кезінде есепке алу-бақылау  
таңбаларын нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ  
осындай міндеттемені есепке алу  
қағидаларына  
18-қосымша

Нысан

## **Есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды жою актісі**

"Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу,  
сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан  
Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау  
таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету

қағидаларын, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу тәртібі мен қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_ бұйрығына сәйкес біз,

\_\_\_\_\_ кұрамдағы комиссия

\_\_\_\_\_ данада есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды есептен шығаруды және өртеу жолымен жоюды жүргіздік, оның ішінде:

\_\_\_\_\_ (есепке алу-бақылау таңбаларының түрлері, сериялары және нөмірлерінің диапазондары, акциздік таңбалардың түрлері)

Мына кұрамдағы Комиссия: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (комиссия мүшелерінің, материалдық-жауапты тұлғаның және алушының ТАӘ, лауазымы, қолы):

М.О. (болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларына 19-қосымша

Нысан

**20 \_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ жағдай бойынша**

**(ай)**

**алушылар алған есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды пайдалану туралы есеп**

дана

Алушының атауы не	Есепті кезеңнің	Есепке алу-бақылау немесе	Есепке алу-бақылау немесе	Есепке алу-бақылау немесе	Есепке алу-бақылау немесе	Есепке алу-бақылау немесе	Есепті кезеңнің

ТАӘ, СТН/ БСН	басына қалғаны	акциздік таңбалар алынды	акциздік таңбалар пайдаланылды	акциздік таңбалар бүлінді	акциздік таңбалар қайтарылды	акциздік таңбалар жоғалды	соңына қалғаны
1	2	3	4	5	6	7	8

Басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(ТАӘ, қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(болған жағдайда) (ТАӘ, қолы)

М.О. (болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау  
таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру  
және импорттаушылардың Кеден одағы  
елдерінен

Қазақстан Республикасына алкоголь  
өнімін

импорттау кезінде есепке алу-бақылау  
таңбаларын нысаналы пайдалану туралы  
міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ  
осындай міндеттемені есепке алу

қағидаларына  
20-қосымша

Нысан

**Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік  
кірістер департаменттері қимасында берілген есепке алу-бақылау  
таңбалары мен акциздік таңбалар туралы есеп**

дана

Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттері	Есепке алу-бақылау таңбалары немесе акциздік таңбалар мәлімделді	Есепке алу-бақылау таңбалары немесе акциз таңбалар үшін төленді	Есепке алу-бақылау таңбалары немесе акциз таңбалар берілді
1	2	3	4

Басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(ТАӘ, қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(болған жағдайда) (ТАӘ, қолы)

М.О. (болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК